

"Семей қаласындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № 68 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы N 348 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қаңтарда N 3662 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласындағы Жамбыл көшесінің "Турист" қонақүйі мен "Чайка" кешені аралығындағы учаскесінде Ертіс өзенінің сол жағалау су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеуді түзету" жобасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. "Семей қаласындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № 68 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2498, 2009 жылғы 15 маусымдағы № 90 -91 (16176) "Дидар", 2009 жылғы 13 маусымдағы № 90 (18709) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары жөніндегі комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Р. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің басшысы

Ғ. Сүлейменов

2014 жылғы "26" желтоқсан

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы
"26" желтоқсандағы
№ 348 қаулысына
қосымша
Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2009 жылғы 13 мамырдағы
№ 68 қаулысына
қосымша

Семей қаласындағы Холодный Ключ кентінен бастап, "Бобровка" бау-бақша кооперативі ауданындағы қаланың шекарасына дейінгі учаскедегі Ертіс өзенінің сол жағалауындағы су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

р/ с №	Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
		Шекарасының ұзындығы (км)	Аумағы (га)	Орташа ені (м)	Шекарасының ұзындығы (км)	Аумағы (га)	Орташа ені (м)
1.	Семей қаласындағы Холодный Ключ кентінен бастап, "Бобровка" бау-бақша кооперативі ауданындағы қаланың шекарасына дейінгі сол жағалаудағы учаскедегі Ертіс өзені	18,10	1056,32	100-1040	21,70	180,56	35-135
2.	Семей қаласындағы Ертіс өзені, Полковничий аралы	-	817,51	-	20,00	293,01	20-50
3.	Семей қаласындағы Ертіс өзені, Большой аралы	-	253,59	-	11,60	141,77	20-130
4.	Семей қаласындағы Ертіс өзені, шағын аралдар	-	292,51	-	-	292,51	-

Ескертпе:

- 1) өзен аралдарының аумағы толығымен су қорғау белдеуіне енгізіледі;
- 2) су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген "Семей қаласындағы Холодный Ключ кентінен бастап, "Бобровка" бау-бақша кооперативі ауданындағы қаланың шекарасына дейінгі учаскедегі Ертіс өзенінің сол жағалауындағы су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекараларын белгілеу" жобасының картографиялық материалында және "Шығыс Қазақстан облысының Семей

қаласындағы Жамбыл көшесінің "Турист" қонақүйі мен "Чайка" кешені аралығындағы учаскесінде Ертіс өзенінің сол жағалау су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеуді түзету" жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК